

Жарқайың аудандық мәслихатының 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 6С-64/2 " Жарқайың ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы № 8С-18/2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 15 желтоқсанда № 8670-03 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 2024 жылғы 24 маусымдағы № 8С-29/2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 24.06.2024 № 8С-29/2 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Жарқайың аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жарқайың аудандық мәслихатының "Жарқайың ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № 6С-64/2 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8278 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін: көрсетілген шешімнің қосымшасында:

8 - тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"8. Телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтер өтемақысы Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 295/НҚ "Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің өсуін өтеу мөлшерін айқындау және қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33200 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жарқайың аудандық мәслихаты
төрағасының міндетін атқарушы*

Ч.Канафин